

Біржолғы талон құнын белгілеу туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Шиелі аудандық мәслихатының 2009 жылғы 29 қаңтардағы N 14/4 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаменті Шиелі аудандық Әділет басқармасында 2009 жылы 03 наурызда N 10-9-79 тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Шиелі аудандық мәслихатының 2010 жылғы 26 наурыздағы N 29/2 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Шиелі аудандық мәслихатының 2010.03.26 N 29/2 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы" Заңының 36 бабын, Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашасындағы "Әкімшілік рәсімдер туралы" Заңының 8 бабының 3 тармағын басшылыққа ала отырып аудандық мәслихат (кезектен тыс XIV сессия) **ШЕШІМ** **ЕТЕДІ:**

1. Аудан көлемінде орналасқан базарлар мен сауда қатарларында тауарларды сату, (базар аумағындағы дүңгіршіктерді, стационарлық үй жайлардағы оқшауланған блоктардағы сатуларды қоспағанда) қызметтер көрсету және дүркін-дүркін сипаттағы кәсіп түрлері үшін бір жолғы талон құны қосымшаға **с ә й к е с** **б е л г і л е н с і н .**

2. Аудандық мәслихаттың 2008 жылғы 8 қазандағы "Аудан көлемінде орналасқан базарлар мен сауда қатарларында тауарларды сату құқығы үшін алынатын алымның мөлшерін қайта белгілеу туралы" N 11/11 (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізімінде 2008 жылдың 11 қарашасында N 10-9-69 болып тіркелген, аудандық "Өскен өңір" газетінің 2008 жылғы 26 қараша айындағы N 98-99 шығарылымында жарияланған) шешімінің күші **ж о й ы л д ы** **д е п** **т а н ы л с ы н .**

3. Осы шешім ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат сессиясының төрағасы **Х. Әлтай**

Аудандық мәслихат хатшысы **С.Қ. Оразымбетов**

Аудандық мәслихаттың **2009** жылғы **29** қаңтардағы N 14/4 шешіміне қосымша

Аудан көлемінде орналасқан базарлар мен сауда қатарларында тауарларды сату, (базар аумағындағы дүңгіршіктерді, стационарлық үй жайлардағы оқшауланған блоктардағы сатуларды қоспағанда) қызметтер көрсету және дүркін-дүркін сипаттағы кәсіп түрлері үшін бір жолғы талон құны

N	Базарларда жасалатын саудалардың түрі	Бір жолғы талон құны
1. Азық-түлік өнімдері		
1	Жүк автокөліктерінен азық-түлік сату	600
2	Жеңіл автокөліктерінен азық-түлік сату	300
3	Жүк автокөлігімен қиыршық тас, тау тасын, көмір, топырақ, құм тасу	300
4	Көтерме көкөніс өнімдерін сату	200
5	Жерден көкөніс өнімдерін сату	200
6	Азық-түлік өнімдерін сөреден сату	140
7	Сөреден жеміс өнімдерін сату	120
8	Жерден күнбағыс сату	30
9	Сөреден (талқан, сөк, қауынқак, қак, айран, сүт, май) өнімдерін сату	45
10	Ет және ет өнімдерін сату	150
11	Сөрелерді аралап тамақ шәй сату	30
12	Балмұздақ, газдалған сусындар сату	70
13	Күріш, ұн өнімдерін қаптап сату	140
14	Салат жасап сату	50
15	Құс түрлерін бүтіндей сату	50
16	Қолдан жасап пирожки самса өнімдерін сату	20
17	Елді мекендерде қолдан дайындалған сусындар және бақшалық өнімдерді сату	20
18	Нан және кондитерлік өнімдерді сату	70
2. Өндірістік тауарларды сату		
1	Сөреден өндірістік тауарларды сату	120
2	Сөреден кенсе тауарларын сату	100
3	Қымбат бағалы бас киімдерді сату	100
4	Телевизор тоңазытқыштарды сату	100
5	Кілем палас өнімдерін сату	150
6	Маталарды кездемелеп сату	120
7	Аудио видео кассеталарды сату жалға беру	120
8	Құрылыс материалдарын авто көліктен сату	300
9	Құрылыс материалдарын жерден сату	150
10	Етік және сағат жөндеушілер	50
11	Қол арбамен халыққа қызмет көрсету	50
12	Насыбай сату	20

13	Күнделікті тұтынатын шеге, топса, т,б заттарды сату	120
14	Жүк сақтайтын арнайы орны бар және заттарды тұрақты сатып кәсіп жасаушылар	150
15	Пайдаланылған қосалқы бөлшектерді сату	50
16	Қолдан тоқылған шұлық шарқат т,б, заттарды сату	20
17	Белгілі бір орында техника қосалқы бөлшектерін сату	150
18	Сөреден құрылыс материалдарын (обой, бояу, ленолиум, кленка) сату	120
19	Палатка және ыдыстарды жалға беру	300
3. Автокөліктерді сату		
1	Жүк автокөліктерін сату	200
2	Жеңіл автокөліктерін сату	100
4. Үй жануарларын сату		
1	Ірі қара малын сату	100
2	Уақ малдарын сату	35
3	Үй құстарын сату	20
4	Халық тұтынатын тауарларды жәрмеңке және көрмелерден сату	100
5	Автокөліктерді жалдамалы түрде облыстан тыс жерлерден алып келу қызметі	500
6	Жұлдызнамаларды және бал ашуларды құрау жөніндегі қызмет көрсету	50
7	Автокөліктен отын (жынғыл т/б) сату	100
8	Қаппен отын сату	20
9	Газ баллондарын сату	100
10	Терілерді қабылдау және сату	50
11	Терезелерге әйнек кесіп салу	40
12	Үй жихаздарын құрастырып жинау	100
13	Ағаш өнімдерінен бұйымдар жасау және сату	50
5. Дүркін-дүркін сипаттағы кәсіп түрлері бойынша		
1	Газеттер мен журналдар	30
2	Сыпырғылар, сыпыртқылар, орман жидектерін,бал, саңырауқұлақ және балық сату	100
3	Тұқым, сондай-ақ отырғызылатын материал (екпелер, көшет)	100
4	Жануарлар мен құстардың жемдерін	
1)	Жемдік мал азығын машинадан сату	150
2)	Жемдік мал азығын қаптап сату	20
5	Үй жануарлары мен құстарын бағуды жүзеге асыратын жеке тұлғалар	50
6	Саяжайларда және үй маңындағы учаскелерде өсірілетін табиғи гүлдер	50
7	Қосалқы ауыл шаруашылығы, бағбандық, бақшашылық және саяжай учаскелерінің өнімдері	50
8	Бақша дақылдары	120
9	Жер учаскелерін өңдеу жөніндегі жеке тракторлар иелерінің көрсететін қызметі	100

